

Қосынша № 1.23

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 23)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Қан жағындыларын бекіту және бояу автоматты жүйесі	<p>Мазоктарды бекіту және бояуға арналған автоматтандырылған жүйе</p> <p>Бағдарламаланатын автомат, әртүрлі зертханалық салаларда (цитология, гематология, микробиология және паразитология) қолданылатын бояу әдістерін орындауға арналған. Жүйе шыны препараттарды стандартталған және біркелкі өндөуді қамтамасыз етеді.</p> <p>Техникалық сипаттамалары</p> <p>Технологиялық станциялар саны: 12</p> <p>Штативтегі шынылардың ең жоғарғы саны: 25 дана</p> <p>25 шыныға толық жүктелген кезде әр ваннадағы реагент көлемі: 220 мл</p> <p>Басқару: 4,3 дюймді түрлі-түсті сенсорлы экран</p> <p>Бағдарламалар саны: 32 дейін</p> <p>Бір бағдарламадағы операциялар саны: 30 дейін</p> <p>Қауіпсіздік жүйелері</p> <p>Міндетті желдету</p> <p>Су беру жүйесіндегі электромагнитті клапан</p> <p>Қақпақ ашылғанда жұмысты блоктайтын датчик</p> <p>Артық толуды анықтайтын датчик</p> <p>Электрлік және габариттік параметрлері</p> <p>Корек кернеуі: 230 В, 50 Гц</p> <p>Куат тұтыну: 300 В·А артық емес</p> <p>Габариттері (ені × терендігі × биіктігі): 530 × 580 × 335 мм</p> <p>Салмағы: 22 кг</p>	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңес басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді)

негізінде көрсетілген. Тауарды жеткізу тауар құнына енгізілуі тиіс монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқытумен міндettі түрде жүзеге асырылады.

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растиады және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табигатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаган болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары: алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 50%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алушы реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші денгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру үйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу уақыты: тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.